

«6D010500–Дефектология» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін жазған Мажинов Бағдат Молдахметовичтің «Жоғары оқу орындарында мүгедек студенттерге білім берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған, «Мүгедектер құқықтары туралы» Халықаралық конвенцияны 2015 жылды Қазақстан Республикасының ратификациялауы біздің мемлекетіміздің алдына мүгедек адамдардың қоғам өміріне тең құқылы мүшелер ретінде қатысу жолында, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде кедергісіз инклузивті және қолжетімді болып табылатын жағдайларда білім беру процесіне толық әрі теңдей қоғамдастық мүшелері ретінде қатысуын дамыту міндеттерін алға қойды. Оның ішінде, ҚР жоғары білім беру жүйесіне мүмкіндіктері шектеулі студенттерді көбірек тарту және олардың тең жағдайларда білім алудары үшін, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету және педагогикалық технологияларды кеңейту жұмыстарын ұйымдастыру арқылы мүгедектердің өмірлік және әлеуметтендірілген дағдыларды игерулеріне, өмірдің барлық аспектілеріне толық қатысуларына мүмкіндік береді.

Осыған орай, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының маңызды міндеті ретінде, ЖОО-да инклузивті білім беруді енгізу дің нақты іс-шаралары белгіленген. Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға дейін ерекше білім алу қажеттілігі бар студенттерге кедергісіз қолжетімділік пен тең жағдай қарастырған ЖОО-ның үлесі 100%-ды құрайды.

Дегенмен де, қазіргі таңда қазақстандық теория мен практикада жоо-да мүгедек студенттердің сапалы білім алударын анықтаумен байланысты сұрақтар мен осы жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері толық қарастырылмаған. Осыған байланысты, ЖОО-да мүгедектігі бар студенттерді оқыту мен тәрбиелеу процесін мазмұнды, әрі инструменталды әзірлеуді қамтамасыз ету өткір мәселеге айналып отыр. Осындай жағдайларға қарап, диссертант Б.М.Мажиновтың зерттеу жұмысының өзекті екенін көруге болады.

Диссертант ЖОО-да мүгедек студенттерге арнайы педагогикалық жағдайлар жасау мәселесі бойынша шетелдік тәжірибелерге талдау жүргізіп, отандық жоғары білім берудің қолжетімділігін ұйымдастырудың едәуір айырмашылықтардың бар екенін айқындағы. Диссертациялық зерттеу барысында ҚР заңнамалық базасына сәйкес, осындай категориядағы студенттердің жоғары оқу орындарында білім алу процесінде әр түрлі көптеген жеңілдіктер мен жәрдемақылар алуға мүмкіндіктері бар екендігі көрсетілген.

Сонымен бірге диссиденттант жоғары оқу орындарында мүгедектігі бар студенттердің оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, білім беру бағдарламаларын бейімдеу мүмкіндіктері және кедергісіз ортаны үйымдастыруға байланысты т.б. нақты талаптардың нормативтік-құқықтық құжаттарда жоқ екенін анықтады.

Мүгедектігі бар студенттерді оқытуға жоо-ның дайындық деңгейін бағалау бойынша жүргізілген зерттеудің негізінде, диссиденттант «мүгедек» студенттердің қажеттіліктерін қамтамасыз етуші жоғары оқу орындарының білім беру ортасы» түсінігін авторлық анықтама ретінде ұсынған. Яғни, бұл термин, мүгедектердің жалпы жоғарғы білім алуына, кәсіптік білім алуына, ересектерге арналған білім алуына және өмір бойы оқуына кемсітусіз әрі басқалармен тең дәрежеде қол жеткізуін қамтамасыз ететін жүйе ретінде ұғындырылады.

Диссиденттапен теориялық негізделген, әдістемелік ойластырылған, және ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін қолжетімді ортаны үйымдастыру мен психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетулер тәжірибеде жүзеге асырылған, жоо-ның құрылымдық бөлімшесі ретінде қызмет жасап жатқан консультациялық-практикалық орталықтың теориялық моделі, еш күмән келтірмейтін жүргізілген зерттеудің абырайлы нәтижесі болып табылады.

Алға қойылған мақсат пен зерттеу болжамына сәйкес, диссиденттапен қол жеткізілген нәтижелер дәйекті, әрі қисынды мазмұндалған.

Диссиденттант жасаған қорытындылар сенімді, дәлелді және еш күмән келтірмейді. Өйткені, жүргізілген зерттеу жұмысындағы теориялық нәтижелердің негіздемелері мен шынайылығы әдіснамалық негіздердің, осы мәселе бойынша ғылыми әдебиеттердің, принциптер мен өлшемдердің дұрыс таңдалғандығымен лайықты болғандығын көрсетеді. Себебі, диссиденттант жоо-да кедергісіз ортаны қамтамасыз ету процесінің мазмұны мен әдістеме негіздерін анықтауды және статистикалық деректерді өндеуге қолданылған әдістердің объективтілігіне талдау жасауды басшылыққа ала отырып қол жеткізді.

Әр түрлі ғылыми басылымдарда, оның ішінде: білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 5; Scopus базасына енгізілген ғылыми басылымдарда – 1; халықаралық, оның ішінде – 6 шетелдік конференцияларда баяндалып, жарияланған ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеудің жаңашылдығы мен артықшылығын ашуға мүмкіндік береді.

Осылайша, Б.М.Мажиновтың диссертациялық зерттеуі жаңашыл элементтердің болуымен, теориялық және практикалық маңыздылығымен аяқталған жұмыс ретінде көрінеді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде диссертацияны ашық қорғауға шыгару ұсынылады.

Ғылыми кеңесші, п.ғ.д.,

Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры,



РАСТАЙМЫН:	Абай атындағы ҚазҰПУ
ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ	
ЗАВЕРШО:	Начальник отдела по управлению персоналом
3.А. Мовкеева	КазНПУ имени Абая
Копия	Подпись